



ШҚО білім басқармасының Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің
«Балауса» бөбекжайы»КМКҚ 2023-2024 оқу жылының
педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің жұмыс жоспары

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқтау нысаны
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің №1 отырысы. Күн тәртібінде: 1. Ұжымды педагогикалық әдеп бойынша типтік ережелермен және негізгі қағидаттармен таныстыру	Қыркүйек	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің №2 отырысы. Күн тәртібінде: 1. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары. 2. Педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.	Ақпан	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің №3 отырысы. Күн тәртібінде: 1. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес жұмысын қорытындылау; 2. 2024 жылға Педагогикалық Кеңес жұмыс жоспарына педагогтардың пікірі негізінде ұсыныстар мен өзгерістер енгізу;	Мамыр	Хаттама

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№1 Хаттамасы.
13.09.2023ж

Қатысқандар: Бобекжай меңгерушісі Г.О.Раушанова

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

1. Садықов Бақытжан — Кәсіподақ мүшесінің төрағасы.
2. Гүлнүр Меделханқызы – білім бөлімінің әдіскері.
3. Бейсекенова Лаззат – мемлекеттік қызметкер.
4. Ельжасова Гүлбаршын – тәрбиеші
5. Қожахметова Баян – тәрбиеші

Күн тәртібінде.

1. Ұжымды педагогикалық әдеп бойынша типтік ережелермен және негізгі қағидаттармен таныстыру. Кеңес мүшесі-Ельжасова Гүлбаршын «Педагогикалық әдеп бойынша үлгілік қағидалар және негізгі қағидаттармен ұжымды таныстыру» екінші мәселесі бойынша сөз сөйледі. Ол қатысушыларды педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметін ұйымдастырумен таныстырды. «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

Әділдік, адалдық, өзінің қадір – қасиеті мен құрметтеу, жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеу, үздіксіз кәсіби даму.

Негізгі педагогикалық нормалар педагог қызметкерге өз қызметінде этно-мәдени құндылықтарға тәрбиеленушілердің аналарына құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілікті тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Сөз сөйлегендер:

1. Кеңес мүшесі: Бейсекенова Лаззат педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес педагогтердің педагогикалық әдепті сақтау мәселелерін қарайтын білім беру ұйымдарында құрылатын алқалы орган болып табылатынын атап өтті.

2. Педагог қызметкерлерге өз қызметінде педагогикалық әдептің негізгі нормаларын сақтау. Бұл шешімге бір ауыздан дауыс берілді.

Тыңдады:

3. Кеңес мүшесі: Л. Бейсекенова «Педагогикалық қарым-қатынас әдебі. Білім беру процесі субъектілерінің өзара іс – қимылы». Өзара әрекеттесудің негізгі ережелері және тұлға аралық қарым-қатынаста сындалы стратегияларды таңдауға алғашқы көз қарасты қалыптастару алгоритмі қарастырылды. Сондай – ақ білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынаста кәсіби қызметте қолдануға болатын шамамен ұсыныстар ұсынылды.

Сөз сөйлегендер:

1. Кеңес мүшесі: Қожахметова Баян педагогикалық ұжым арасында жадынаманы таратуды ұсынды.

Қаулы етті:

1. Педагогикалық ұжым арасында «Педагогикалық қарым-қатынас әдебі» Жадынамасын тарату.

Төраға: СБ Садықов Бақытжан

Хатшы: Төленова Төленова Ғалия

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 2 Хаттамасы

14.02 2024ж

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Г.О.Раушанова

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері.

1. Садықов Бақытжан — Кәсіподақ мүшесінің төрағасы.

2. Гүлнұр Меделханқызы — білім бөлімінің әдіскері.

3. Бейсекенова Лаззат — мемлекеттік қызметкер.

4. Ельжасова Гүлбаршын — тәрбиеші

5. Кожаметова Баян — тәрбиеші

Күн тәртібінде:

1. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары.

Кеңес мүшесі - Л. Бейсекенова

2. Педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау. Кеңес төрағасы - Б. Садықов.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша: Бейсекенова Лаззат да балабақша педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары жайында баян етті. Сөз барысында баяндамашы педагогтың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормаларын сақтауға және орындауға міндеттілігі туралы тоқталды. Педагог — тиісті бейіндер бойынша педагогикалық және кәсіптік білімі бар, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, оның ішінде қосымша білім беруді ұйымдастыру және білім беру қызметін ұйымдастыру және әдістемелік қамтамасыз ету бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын, кәсіптік стандартқа біліктілік талаптарына сай келетін, педагогикалық әдеп нормаларын сақтап, қамтамасыз ететін тұлға атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша: Кеңес төрағасы Садықов Бақытжан сөзбастап, өз сөзінде балабақшада педагогикалық әдеп кеңесі құрылып, өз жұмыстарын атқарып жатқандығын, педагогтардың құқықтарын сақтай отырып, белгіленген нормалар бойынша, ұжымда педагогикалық әдеп сақталынып отырғандығын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша отырыс қаулы етеді:

1. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары сақтау әрбір педагогтың міндеті болып табылсын.

2. Балабақшада педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау жұмыстарын жүйелі жүргізу балабақшада сұралсын.

Отырыс төрағасы:

Садықов Бақытжан

Отырыс хатшысы:

Төленова Ғалия

Педагогикалық әдеп Кеңесі отырысының хаттамасы.

№3 Хаттама

22.05.2024ж

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Г.О.Раушанова

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері.

1. Садықов Бақытжан — Кәсіподақ мүшесінің төрағасы.
2. Гүлнұр Меделханқызы — білім бөлімінің әдіскері.
3. Бейсекенова Лаззат — мемлекеттік қызметкер.
4. Ельжасова Гүлбаршын — тәрбиеші
5. Кожухметова Баян — тәрбиеші

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес жұмысын қорытындылау;
2. 2024 жылына Педагогикалық Кеңес жұмыс жоспарына педагогтердің пікірі негізінде ұсыныстар мен өзгерістер енгізу;
1 мәселе Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес жұмысын қорытындылау бойынша кәсіподақ төрағасы Садықов Бақытжан сөз алды. 2023-2024 оқу жылында балабақша әдеп Кеңесі жұмысына тоқталды. Ағымдағы жылда үш отырыс болғандығы, әдеп Кеңесіне арыз шағым түспегендігі айтылды. Жұмыс жоспарына сай жоспарланған жұмыстар атқарылғандығы жөнінде есеп берілді.
2 мәселе 2024 жылына Педагогикалық Кеңес жұмыс жоспарына педагогтердің пікірі негізінде ұсыныстар мен өзгерістер енгізу бойынша Садықов Бақытжан сөз алды келер жылды жоба жоспарымен таныстырып, 2024 жылы педагогикалық әдеп Кеңесі жұмыс жоспар құруда қандай ұсыныстары бар екендігі тыңдалды, педагогтер пікірі ескеріліп, отырыс өткізу формаларын жаңарту әдіс-тәсілдерді өзгерту бағытында ұсыныстар болды.
Қаулы:
1.1. Педагог мәртебесіне сай жұмыс уақытында және жұмыстан тыс кезде мұғалім құқықтары мен міндеттері аясында жұмыстар жалғасын тапсын;
1.2 Педагогтың әлеуметтік желіге жариялаған жеке фото суреттер мен бейне баяндар салуда педагог мәртебесіне нұқсан келмеуі ескерілсін;
2.1. Педагогикалық әдеп Кеңесі жұмысын қортындыланып, жұмысын жандандыру;
3.1. Педагогикалық әдеп Кеңес жұмыс жоспарын құруда педагогтердің пікірі ескерілсін;

Кеңес төрағасы:  Садықов Б

Хатшы  Төленова Ф.

: